ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 08 (1313) 22-қазан, 2002 жыл



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

Талапкер-2002



әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1-курс студенттерінің қатысуымен 2002 жылдың 2-3 қазанында Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында «Мен - ҚазҰУ студентімін!» атты мерекелік бас қосуы болып өтті.

Жастық шақ деп аталатын адам өміріндегі ең бір аяулы кезең өзінің бойдағы бұла күші буырқанып, беттің қызылы таң шапағындай алаулап, алдынан қарсы алған әрбір әдемілік көңіл түкпіріне әдемі әсерлер сыйлауымен құнды. Сондықтан да көргені мен естігенін біріктіруге деген талпынысынан туындаған жүрегіндегі алуан түрлі арман-мақсаттарын жүзеге асыруға ұмтылады. Жастайынан зерек, білім алуға деген сұмдық құлшыныспен өмір сүрген бозбала мен бойжеткен мектепті тәмәмдап, жоғары оқу орындарын бетке алады. Талабын тасқа жанып, бақ сынайды.



# БАЛ ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ БАҚЫТТЫ ШАҚ

Мамыражай жаз айында жоғары оқу орындарының алдын бермей, айналасына жастықтың шұғылалы шуағын шашып, күміс күлкінің күмбіріне бөлеген жасөспірімдер легі табиғатпен үндесе құлпырады. Бәрінің жүздерінде қуаныш ұшқынымен қатар күдік-күмән белгісі де байқалар еді. Емтихандарды тапсырудан кейінгі шешуші сәттің - мәреден кімдер өтіп, кімдер қалғанын айқындайтын тұстың хабарына алаңдаудан туған беймаза көңілдің әсері болатын бұл.

Биылғы жылы ҚазҰУ-ге құжат тапсырған талапкелердің де үміті осытұғын. Жаратқан ие жар болып, бақталабы мен білімі қолдап мәреден өткендердің сапынан табылса, ар жағында «Студенттік шақ» деп аталатын жастық дәуреннің ең ерекше кезеңіне жүректері лүпілдей қадам баспақ. Сол сәттен бастап Қарт ҚазҰУ «немере-шөберелерін» елжірей қарсы алып,еркелете құшағына орар еді. Осы ұланғайыр мейірімнің аясында өз еркіңе ие бола алмай, елітуден есің ауып, ойыңдағы негізгі мақсаттан ауытқып кетсең, құз басынан құлағандай болмағанмен, соған ұқсағысы келетін бір жаңсақтыққа ұшырауың кәдік.

Міне, осы тектес сезімге бөленген жастар бүгін өздерінің көңілдерінде ерекше із қалдырар мәдени шараның куәсі болды.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне студент қатарына қабылдау мерекесі «Мен - ҚазҰУ студентімін!» деген мақтанышты әрі сенімді пафоспен ашылды. Қазақ білімі мен ғылымының, мәдениеті мен руханиятының қарашаңырағы жыл сайынғы дәстүрі бойынша биыл да өзінің бірінші курс студенттерін екі күн бойы салтанатты түрде қабыл алды.

Мерекелік кешке орай Студенттер сарайының екінші қабатындағы фойесінде көрме ұйымдастырылды. Онда, негізінен, салауатты өмір салтын жандандыру бағытында ҚазҰУ студенттерінің қоғамдық ұйымдарының атсалысуымен университет аясында өткізілген мәдени іс-шаралар қамтылды. Бас қосу салтанаты университеттің «Фараби сазы» оркестрінің орындауындағы «Көңіл ашар» күйімен ашылды.



Сезімді тербеп төгілген қоңыр күйден соң бірінші курс студенттеріне арнап университет ректоры Т.Ә. Кожамқұлов құттықтау сөз сөйледі. Жастардың қадамына ақ тілегін арнай келіп: *«Сіздердің араларыңызда отызға тарта «Алтын белгі» иелері мен Республикалық олимпиадалардың жиырмадан астам жүлдегерлері отыр. Жылдан жылға ҚазҰУ-да оқығысы келетін жастар саны өсіп келеді. Биыл университетке 4043 үміткер құжат тапсырды. Үстіміздегі жылы грантқа түскен 1100, несиеге қабылданған 700 және ақылы оқуға мүмкіндік алған 1300 студенттер үшін табысты болды. Яғни, грант пен несиеге қабылданған студенттер былтырғыдан 15 пайызға артық. ҚазҰУ табалдырығын жалпы саны 3100 студент аттап отыр. Осында ақылы негізде білім алып жатқан шәкірттердің ата-аналарына алғыс сезімімді білдіргім келеді. Олар қаптаған жоғары оқу орындарының арасынан ҚазҰУ-ды таңдауы - біздің университеттің берер білімінің сапалылығына сенгендігі деп білемін»,* - деп атап өтті оқу орны басшысы өз сөзінде.

Құттықтау сөзден соң студенттер де кең байтақ Қазақстан Республикасының гүлденуіне, бабаларымыз ғасырлар бойына армандап қол жеткізген тәуелсіздігіміздің одан әрі нығаюына үлес қосар ертеңгі білімді де білікті ұл-қыздар болуға уәде беріп, студенттік ант қабылдады.

**Жалғасы 2-бетте.**

## БҮГІНГІ САНДА:

ҰЛТ МЕКТЕБІНІҢ ҮМІТІН АРҚАЛАҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ 3-бет



ВЕЛИЧИЕ НАРОДА В ЕГО ДУХОВНОСТИ 5-стр.

4-стр. ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТУРА БИІ





6-бет

БІЗ БАҒЫНДЫРҒАН БИІКТІК

Баспасөз-2003



Құрметті оқырман!

Өздеріңізге белгілі, биылғы жылғы газет-журналдарға жазылу науқаны басталып та кетті. Сіздер тарапынан солардың арасындағы сүйікті басылымдарыңыздың бірі "Қазақ университеті" газетіне де жазылады деген сеніміміз мол. Асығыңыздар!

Газеттің индексі - 65989. Бір жылға жазылу бағасы - 521 теңге 76 тиын. Газетке жазылу еліміздің кез-келген нүктесіндегі байланыс бөлімшесінде жүзеге асырылады.

## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

*Қыркүйектің 24-і күні өткен Ғылыми Кеңес мәжілісі университет ректоры Т.Ә.Қожамқұловтың 2001-2002 оқу жылындағы университет қызметтерінің қорытындысы және 2002-2003 жаңа оқу жылына арнаған ұжымның міндеттері жөніндегі мәселелерді қамтыған баяндамасымен ашылды.*

*Бұдан кейін проректор Ж.Дәдебаев "2002 жылдың 2-ші жарты жылдығындағы емтихан сессиясының қорытындысы" жөнінде қосымша баяндама жасады. Сондай-ақ, проректор З.Мансұровтың Ғылыми Кеңестің 25.09.01. жылғы "Экономика және құқық институтын қайта құру" атты қаулысының орындалу барысы жөніндегі және Т.Қонақбаевтың 2002 жылғы қабылдау комиссиясы жұмысының қорытындысы және 2003 жылға арналған міндеттері туралы хабарламалары тыңдалды.*

## РЕКТОРАТ

*Қыркүйектің 8 жұлдызында өткен Ректорат мәжілісінде ҚазҰУ-дын Ғылыми кітапханасының директоры Е.Әбілқайырова кітапхананың университеттің жергілікті торабындағы ақпараттық қызметі жөнінде, проректор С.Шалғымбаев оқу алаңдарындағы жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының жоспарын бекіту жөнінде хабарламалар жасады. Сондай-ақ, проректор А.Купчишиннің Ректораттың 9.10.2001 жылғы "Университеттегі студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының қазіргі жағдайы және болашақтағы дамуы" атты Қаулысының орындалуы туралы және емдеу-сауықтыру лагерінің директоры Т.Нұржановтың 2002 жылғы жазғы маусымдағы лагердің жұмысы туралы хабарламалары тыңдалды.*

Талапкер-2002

# БАЛ ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ БАҚЫТТЫ ШАҚ



*Соңы. Басы 1-бетте.*

Ант қабылдау рәсімінен кейін студенттердің әнұраны «Гаудеамус» орындалып, арты мерекелік концертке ұласты. Атап өтерлік бір жайт, бас қосудың бірінші күнінде гуманитарлық факультеттің студенттері, екінші күнінде жаратылыстану факультетінің студенттері қатынасып, өздеріне арналған жылы лебіздерді тыңдап, концерттік қойылымдарды тамашалаған еді.

Концерттік бағдарлама бойынша университеттің қазақ тіліндегі БӘС тобы мен орыс тіліндегі КВН тобы сұрақ-жауап түрінде сайыс өткізіп, тапқырлық өнерлерін ортаға салды. Студенттер клубының үйірме жетекшілері А. Өміржанова Махамбеттің күйі «Жекпе-жекті» бүгінгі кешке жиналған қазақ жастарының отан сүйгіштікке деген рухын оята күмбірлетіп, Ю. Копнов «Эти глаза» әнін сезімтал жанның жүрек түкпіріндегі ғашықтық отын маздата тамылжытса, Ә. Қарсыбаева ағылшынша әнді шырқап, тыңдармандардың құлақ құрышын қандырды. Сондай-ақ, студенттер клубының директоры М. Арыстанбаев пен үйірме жетекшісі Д. Тастанбаев қос дауыспен әуелете шырқаған университет ректоры Т.Ә. Қожамқұловың «Туған жерді есіңе ал» атты әні адам баласының жүрегінде мәңгі орын алар, қай қиядa жүрсе де сағыныш болып алдыңнан шығар атамекенді жадыңда жаңғыртып, сезімнің ең нәзік пернелерін дөп басуымен ерекшеленді.

«Айдын сәні - аққу» дегендей, ҚазҰУ-дың оқытушысы, ақын, әуесқой сазгер Б. Әшірбаевтің «Көршінің қызы» атты әнін кәсіби әнші Т. Серіковтің нәшіне келтіріп орындауы мерекелік кештің сәнін айшықтап, шырайын келтіргенін айрықша атап өткеніміз жөн.

Сонымен еліміздегі жоғары оқу орындарының көш басында тұрған білім ордасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ге оқуға түсіп, алға қойған мақсаттарының алғашқы сатысына қадам басқан бірінші курс студенттерінің құрметіне арналған мерекелік шара өте жоғары деңгейде аталып өтті. Мерекенің негізгі ұйытқысы болған бірінші курстың студент ұл-қыздарының шат-шадыман кейіптегі бал-бұл жанған жүздерінен, қуанышты реңкке толы іс-әрекеттері мен күлкілерінен біз осыны аңғарғандай болдық.

**С. ЖАНИҰЛЫ**

Тамыр

# ҰЛТ ТІЛДЕРІНІҢ АПТАЛЫҒЫ ӨТТІ

**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2002 жылдың қыркүйек айының 16-22 жұлдыздары аралығында "Қазақстан халықтарының тілдері мерекесіне" орай ұйымдастырылған апталық болып өтті.**




Тәуелсіз еліміздің қоғамдық өмірінде өзгеше орны бар бұл жаңа атаулы күн Қазақстанда тұратын барша ұлт өкілдерінің ана тіліне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, ұлттық мәдениетіне құрмет көрсетілетін ортақ мереке. Бұл мереке Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы Жарлығымен бекітіліп, ресми түрде биыл бесінші рет тойланып отыр.

Өткен оқу жылында бұл мереке тек биология факультетінде ғана кеш түрінде аталып өтілген болса, биылғы оқу жылында оның өткізілу ауқымы да, идеялық мазмұны мен формасы да кеңейе түсті.

Атап айтсақ, осы аптадағы механика-математика, биология, философия және саясаттану, тарих факультеттеріндегі орыс тілі сабақтарының негізгі тақырыбы "Қазақстанда тұратын ұлттар мен ұлыстар және олардың тілдері" болды. Экономика және бизнес факультетінде аталған тақырыпта КВН, тарих, заң және филология факультеттерінде кеш ұйымдастырылды. Кеш барысында қазақ, орыс, түрік, ұйғыр, украин, түркімен, шешен, өзбек, қырғыз тілдерінде ән шырқалып, өлең оқылды, ұлттық билер биленді. Мереке аясындағы апталықты әр факультет әр деңгейде, ұйымдастырушылардың, дәлірек айтсақ деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары мен тіл кафедралары оқытушыларының ынтасы мен идеясы, қабілеті мен мүмкіндігіне қарай өткізілді. Заң факультетінің деканы Е.Рахметов, шығыстану факультетінің деканы Н.Алдабек мерекенің өз деңгейінде өтуіне, оның мән-мазмұнын студенттерге жеткізу шараларына тікелей басшылық жасап отырды.

Өкінішке орай, Қазақстан Республикасы халықтары тілдерінің мерекесі физика, химия факультеттерінде мүлде аталып өтілген жоқ.

Апталық кезінде тілдің қоғамдағы рөлі, Қазақстандағы тіл саясаты, тілдердің өмір сүруінің, қатынас құралы болуының алғышарттары, т.б. мәселелер студенттер арасында кеңінен талқыланды.

Халықаралық қатынастар факультетіндегі тілдердің қолданылуы мен дамуына жауапты қызметкер, шет тілдері кафедрасының аға оқытушысы С.Д.Жусанбаева ұйымдастырған және шығыстану факультетінде деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Әбілдаев ұйымдастырған кеш студенттерге өте көп мағлұмат беретін, әсерлі кештердің бірі болғандығын айта кету керек.

Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні студенттерді татулық пен бірлік идеялары төңірегінде топтастыруға, Қазақстандық патриотизм мен жалпыадамзаттық ынтымақтастыққа тәрбиелеуге қызмет етуге тиіс.

Л.С. ДҮЙСЕМБЕКОВА,
ҚазҰУ-дың тілдерді дамыту бөлімінің бастығы

**1-қазан – "Қарттар күні"**

# *Қарттарым аман-сау жүрші!..*

**Қарттардың құрметіне арналған мерекелік мәдени шара университетіміздің барлық дерлік факультеттерінде өткізілді. Тарих факультетінде бұл күні мерекеге келген қарттардың көңілдерін шәкірттерінің шартарапта, еліміздің түкпір-түкпірінде абыроймен қызмет етіп, ел мәртебесін арттырып жүргендері қуантты.**

ҚазҰУ-дың құрметті профессоры С.Қ.Жақыпбек ағамыз студенттерге тарихшы болудың қандай мақсат мүдделерге жетелейтінін айта келіп, бүгінгі жастарға ұлағат сөздерін арнады. Кездесу барысында 1 курс студенттері тартымды концерттік нөмірлер орындады, зейнеткерлерге арнап түскі шәй мәзірін әзірледі.

Халықаралық қатынастар факультеті аталмыш мерекеге орай жазушылар одағының мүшесі, экономист Назкен Алпамысқызымен кездесу өткізді .Назкен апай болашақ Қазақстан азаматтары қандай болуы керек, қиындықтарды қалай жеңу керек т.б. мәселелер жөнінде өзінің өмір мектебімен тарихты, жағырапияны, экономиканы байланыстырып қызықты әңгіме шертті. Студенттерді толғандыратын сұрақтарға жауап берді. Өз туындыларынан өлеңдер оқыды, студенттер де өз өнерлерін ортаға салды.

Ал, жағырапия факультеті қарттар мерекесінде, зейнеткерлерді мерекелерімен құттықтап, гүл шоқтарын беріп, Абай атындағы опера және балет театрында болатын "Пиковая дама" операсына билеттерді табыс етті. Филология факультеті зейнеткерлерімен ұстаздарын мерекелерімен құттықтап, гүл сыйлады. Студенттердің қатысуымен шағын концерт қойылды. Зейнеткерлер мен ардагер ұстаздар дән риза болды, кездесулер қызықты өтті. Бұл мерекеге химия факультеті де өз үлестерін қосты. Студенттер ұрпақтар сабақтастығынан тәлім- тәрбие алу мақсатында Ұлы Отан соғысының ардагері, қарт ұстаз Юсупов Серік Ахметұлымен кездесу өткізді. Сапалы білім, саналы тәрбие беріп жүрген еңбек ардагерлері, профессорлар Н.Нұрахметов, М.Р.Танашева, Г.С.Қуанышева т.б. ұстаздардың қатысуымен пікірталас, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды .Қабырға газеттері шығарылып, кездесуге келген қонақтарға қошемет көрсетілді. Заң факультетінде зейнеткерлерге арнап студенттер шағын концерт қойды. Экономика және бизнес факультетінде ардагерлерге арнап, мерекелік дастархан жайылып, гүл шоқтарын табыс етті. Биология факультеті де өз зейнеткерлерін, қарт ұстаздарын мерекелерімен құттықтады. Өкінішке орай, кейбір факультеттер қарттар мерекесіне айтарлықтай атсалыса алмады.

Ардагерлер мен зейнеткерлер студент жастарға келешекте білікті маман болып, еліміздің ардақты ұл- қыздары атануына, қазіргі кезде белең алып отырған келеңсіз жәйттардан бойларын аулақ ұстауға шақырды.

Университет тарапынан зейнеткерлерге материалдық көмек көрсетілді.

Роза ҚАСЫМОВА ,
әлеуметтік бөлім

**Бекмұрат УАХАТОВ - 70 жаста**

# Әдебиет жанашырын еске алу

**Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің М.Әуезов атындағы әдеби бірлестігінің ұйымдастыруымен Қазақстанның көрнекті әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Бекмұрат Уахатовтың 70 жасқа толу құрметіне арналған салтанатты мәжіліс өтті.**

Кіріспе сөзді профессор Сұлтанғали Садырбаев сөйледі. Академик Зәки Ахметов, профессор Бақытжан Майтанов және Шәймерден Уахатов, Дыбыс Қазыбековалар Бекмұрат Уахатов туралы қызықты естеліктер айтты.

Салтанатты мәжілістің соңында филология және журналистика факультеттерінің студенттері арнау өлеңдерін оқыды, шағын концерттік қойылым көрсетті.

Нұрлан САҒЫНДЫҚ

Бүгінгі уақытта біртұтас қазақ мемлекетін ұлттандыру саясаты пәрменді түрде жүргізіліп жатқанын бұқаралық ақпарат құралдарынан күнделікті естіп-біліп отырмыз. Әрине, әнебір жылдары жер-жерде «Қазақ тілі» қоғамдары құрылып бастама көтерілген уақыттардан бергі орын алған көріністерден кейін құр сөзбен ештеңе тындырылмасына көзіміз әбден жеткендей болды. Елбасының осы тұрғыда қолға алған саясаты - басшылық орындарға ұлтжанды, қазақтың тілін, мәдениетін құрметтейтін адамдарды көбірек тартуы өте бір шешімі дәл маңызды шара болғаны ақиқат.



## АЗАМАТ АПА

*Білетін жан азамат дер сізді, Апа,*
*Бірге тоңар ел деп біреу мұздаса.*
*Сіз секілді биіктерден сөз алған*
*Әйел заты көп те емес бізде аса.*

*Топ көбейтіп жүре бермей құр сапта,*
*Жасыл шам боп жол аштыңыз ұрпаққа.*
*Сіздей тұлға шыңға өрлеген кейінгі*
*Қыз бен ұлға сүйеу болды сын шақта.*

*Күн кештіңіз ұлттың жаны - тілде деп,*
*Тілдің бағы сіздей жанмен гүлдемек.*
*Мектеп халі мазаны алар бүгінде,*
*Ауыл жайы онымен бірге кеп.*

*Базбіреуден бұрынырақ Арды ұға,*
*Қызмет емес, парыз шығып алдыға,*
*Әділетке жақ болдыңыз әрқашан*
*Адалдықты айналдырып дағдыға.*

*Жемісімен әрдайым да жақсы күз,*
*Жақсы күзге баламасыз нақты Сіз.*
*Еңбекпенен шығарып сап әр күнді,*
*Еңбекпенен келген дәмді таттыңыз.*

*Бүгінгі асқан асуыңыз бір белес,*
*Бұл белеспен тек ізгілік іргелес.*
*Ұлт ұл-қызын баулыр мектеп ұстазы,*
*Болғай сізге тілектес һәм мүдделес.*

*С. ЖҰБАНИЯЗОВ*

# ҰЛТ МЕКТЕБІНІҢ ҮМІТІН АРҚАЛАҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Осындай дер кезінде жүзеге асырылып жатқан оңды бастаманың айғағын қоғамдық құрылыстың қай-қай салаларына көз салсақ та айқын аңғаруға болады. Әрине, өзінің міндетін дұрыс түсініп, халық арасында өнегелі істерімен көзге түсіп жүрген өзге ұлт өкілдері де баршылық. Тіпті, мәселе оның нәсілінде де, жынысында да емес. Тек өзі өмір кешіп жатқан мемлекеттің жергілікті халқын, сол халықтың туған тілін кемсітпей, сыйлап, мәдениетіне, дәстүріне түсіністікпен қараса жетіп жатыр.

Осы тіл мәселесі тұрғысында кенжелеп қалған салалардың бірі мектеп саласы болатын. Шындығында да, дүниеге бүгін келген жас сәби туғаннан анасының сүті секілді ана тілімен ауызданбаса, онда ондай ұрпағы көбейген ұлттың, халықтың келешегінен үміт күту қиындау. Рас, жетпіс жыл үстемдік құрған орыс тілінің басымдығынан аз ғана уақыт ішінде құтылу қиын шаруа. Бірақ солай екен деп туған тілден үміт үзу - келешек ұрпақ алдында, бұрынғы өтіп кеткен ата-бабалар алдында мәңгілік қарғыс арқалау деген сөз. Сондықтан да білім саласының басшылығына қазақтың ұлтжанды аяулы қызы Шәмша Беркімбаева келгенде қуанбаған қазақ кемде-кем шығар. Қазақ дәстүрінің сүт қаймағы саналатын ауылда кемпір-шалдардың аясында өнеге үйреніп, тәлім алып, ана тілінің уызына қанып өскен осы бір қазақтың ерке де еркін қызының өмір жолына үңіліп көрсеңіз, талай ізгілікті істермен таныс болар едіңіз. Балалық шағы соғыстан кейінгі қиыншылықтарға түспа-түс келген жас қыз қандай ауыртпалықтарды басынан өткізсе де, қажымай-талмай алға ұмтылып, мектепті, одан кейінгі жоғары оқу орнын үздік бітіреді. Туған ауылына оралып, орта мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс бере жүріп ел болашағының ертеңгі тұтқасын ұстар шәкірттер тәрбиелеу жолына барлық күш жігерін жұмсайды. Мектепте мұғалімдік қызметте жүргенде-ақ белсенділігімен, айрықша еңбекқорлығымен жоғары басшылық көзіне шалынады. Өз ісінің шебері қай уақытта да, қандай заманда да өз орнын табары хақ. Сол қасиетінің нәтижесінде басшылық тарапынан сенім артылып, қоғамдық жұмыстарға ерте араласады. Қай салада, қандай қызмет орнында жүрсе де өзіне жүктелген тапсырманы мүлтіксіз орындап, көпшіліктің сый-құрметіне бөленіп, алғысын арқалайды.

Шәмша апайдың еліміздің білім беру саласының басы-қасына келуі көпшілікті қуантқанын жоғарыда айтып өттік. Оның негізі жоқ емес. Ұлттық тәрбие мен өнегені көріп өскен қазақ қызының келуі мектеп проблемаларын шешуге септігі болар деген үміт. Бұл үміттің қай-қайсысы да Шәмша апайымыздың алдына үлкен міндеттер жүктейді. Сондықтан мән беріп қарасаңыз, кешегі ұстаз, бүгінгі министр басшы алдында атқарылар үлкен істер күтулі. Ал білім беру саласының алдында мемлекетіміздің болашақ тұтқаларын дайындау сияқты үлкен міндеттер тұрғанда, қасиетті мекеме ретінде мән беріліп отырған қазіргі тұста бұл істердің жүгі ауыр.

Әсіресе, мектепке қатысты айтар болсақ, ауыл мектебінің қазіргі жай-күйі – көпшіліктің көкейінде жүрген өзекті мәселелердің бірі. Мұндай проблеманы шешу Шәмша Көпбайқызына артылып отырған сенімнің, оның іскерлігіне деген үміттің белгісі деп білген де орынды. Оның бастамасын байқап, көріп те жүрміз. Өйткені, соңғы уақыттарда бұрынғы министрлердің тұсында айтылмаған ойлар айтылып, істер атқарыла бастады. Оның бастысы ауыл мектептеріне, ұлт мектептеріне қатысты. Қазақ ұлтының көпшілігі ауылдық жерлерде тұратынын ескерсек, қазақ ұлтының болашақ ұрпағының тағдыры сол ауыл мектептеріне, олардың беретін білімдерінің сапасына байланысты екендігі анық. Сондықтан материалдық жағынан болсын, рухани тереңдігі жағынан болсын, мәдени парасаты жағынан болсын ауыл мектебіне көрсетілер көмекке, ауыл, ұлт мектебінің білім деңгейін көтеруге деген іс-әрекетке барынша үлкен мән берілуі қажет. Бұл көптен сұранысқа ие болып отырған қажеттілік. Міне, сол қажеттілікті қазақтың қарапайым да қайраткер қызы сезіне білген сыңайлы. Оның үстіне, ұлттық үрдісте болашақ ұрпақ тәрбиелеудің маңызы тағы бар. Бұл да мектеп табалдырығында қолға алуды, сапаландыра түсуді қажет ететін абыройлы іс. Бұған баға беретін бүгінгі басшылық та емес, халық та емес, ертеңгі ұрпақ. Басқа емес, өз ұлтымыздың ұрпағы болмақ. Олай болса, бұл саланың басына ұлттық дүниетанымы жоғары Шәмша Көпбайқызы сияқты басшының келуі заңды әрі қажет еді.

Бұл күндері экономика саласында пайдалы қазбаларымызды, материалдық байлықтарымызды тиімді пайдалануға үлкен мән беріліп жүр. Бұл да қажет дүние шығар. Дегенмен, ұлт болашағы алдындағы ең басты байлық – оның білімді ұрпағы, терең рухани қазынасы болмақ. Бұл ойлар тізбегінен қарасақ, атап өткен атқарылар істерімен қоса білім беру саласының еліміздегі маңызды сала екендігін аңғарамыз. Себебі, білім, ғылым – мәңгілік қазына. Ұлтты да, ұлысты да жоғалтпайтын осы мәңгілік қазына екендігі әлемдік адамзат тарихында әлдеқашан дәлелденген дүние.

Бұдан өзге білім саласының қазіргі жай-күйіне байланысты айтылатын тағы бір жайт, бұл саланың басына осы саланың ісінің басы-қасында жүрген, ішкі әлемін, толғақты мәселелерін жетік білетін Шәмша Көпбайқызы сынды маманның келуі еді. Шәмша Көпбайқызы білім беру саласында жүрген жай маман емес, алғашқы еңбек жолының өзін тікелей ұстаздықтан бастаған, оның әрбір сатысын көріп-біліп, білім беру саласының ішкі тірлігіне тікелей араласқан маман. Сондықтан оқушының да, мұғалімнің де, мектептің де тіршілігімен қанық. Әр сала қызметкерлерінің де тағайындалған басшылықтан күтері осы ерекшелік.

Дегенмен, мұндай сенім сынды да қажет етеді. Осындай сын алаңына барудың өзі мән берген адамнан үлкен қайрат-жігерді, еңбек ерлігін, батылдықты сұрары анық. Міне, сол батылдық Шәмша Көпбайқызының бойынан бүгінде табылып отырғаны белгілі.

Жалпы, Шәмша апай жөнінде әңгіме қозғай қалсаңыз, ол кісімен қызметтес, әріптес болғандар апайдың айналасындағы адамдарға жақсылық жасауға, қиналған жанға қол ұшын беруге даяр тұратын ақ көңіл, мейірбан қасиетіне қатысты сан түрлі мысалдарды тізбелей жөнелер еді. "Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын" деген бар ғой, осындай қадірлі апамызға Елбасының да ықыласы ауып, қоғам өмірінің ең жауапты саласын басқарып, ел игілігі жолында бірлесе қызмет істеуге шақырды. Білім, ғылымды өрістету барысында осы сала жөнінен мол тәжірибесі бар кәсіби маман, білікті ұстаз Елбасы үмітін ақтап, ел-жұртына аянбай қызмет етеріне біз де сеніммен қарадық.

Осындай үлкен міндет, ақталар үміт арқалап отырған қазақ қызының мұндай батылдығы оның алпыстың асқарына шыққан мерейтойымен қатар келіп отыр. Осы мерейлі асуында Шәмша Көпбайқызы Беркімбаеваны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы атынан құттықтап, ұрпақ алдындағы жауапты да қиын істеріне жетістіктер тілегіміз келеді!

Бекжан ТӨРЕБЕКҰЛЫ

**Білім және ғылым министрі Шәмша БЕРКІМБАЕВА:**

**Халқымыздың өзіне тән өркениеті болғандығын, мәдениеті, қайталанбас өнері барлығын, ешкімге ұқсамайтын болмысы бар дегенді баланың санасына құя беру керек. Сонда ғана ұлттық рух пайда болады...**

«Түркістан», 11.04.2002. N15

## Пікірлер. Ойлар. Лебіздер.

**Қуаныш СҰЛТАНОВ, сенатор:**

Маңызды мәселелерді кеңсенің ұшы-қиыры жоқ қарбаласына, арнадан асып жатқан қағаз тасқынына батырып алмай, айшықтап, жаңа мазмұн, ұтқыр сапаға көтеру Министрдің тек билігіне ғана емес, қарымды біліктілігі, қайраткерлігі мен парасаттылығына да байланысты болмақ. Шәмша Көпбайқызы осылардың бәрімен өзі де біте қайнасып келе жатқан маман, ұйымдастырушы, жанашыр.

«ЕҚ»,10.10.02. N 238

**Қайрат САҚ, доцент:**

Әрине, "Бас директор" деген сияқты "Бас мұғалім" деген қызмет жоқ екені де белгілі. Бірақ Шәмша Көпбайқызы Беркімбаеваны осылай атауға әбден болатын сияқты. Біріншіден, Шәмша Беркімбаева - білікті, кәсіби маман. Екіншіден, үлкен ұйымдастырушы. Үшіншіден, ұлттық мақсат-мүдденің зор жанашыры. Төртіншіден, қолы да таза, жүрегі де таза.

Қазір баспасөз бетінде сыналмай жүрген министр екеу болса, онда соның бірі боп жүрген де - осы Шәмша Көпбайқызы. Ш.Көпбайқызының мерейін өсіріп, мәртебесін көтеріп жүрген де - құбыланың төрт жағындай жоғарыдағы төрт қасиеті.

«Жас алаш», 10.10.02.N121

**Қапия ІЗБАСАРОВА, мұғалім:**

- Өз ісіне тиянақты, қандай шаруа болмасын, ұжыммен ақылдасып, жанын сала жұмыс істейтін. Артық-ауыс сөзге бармайтын, көп сөйлемейтін адам. Әр мұғалімнің жұмысына басшы ретінде орнымен бақылау жасап, сабақтарға қатынасып жүреді. Сондай-ақ, әр қызметкерінің қызметтен тыс жағдайын назарында ұстап, қажет жерінде демеу, қолдау көрсетуді ұмытпайтын, Осындай білікті басшыға тән қасиеттерінің арқасында арамызда аз уақыт қызмет істесе де, абыройы жоғары болды.

«Ана тілі», 10.10.02. N42

# ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТУРА БИІ



18-қазан күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де тәуелсіз мемлекетіміздің көрнекті заңгер-ғалымы, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Республикасының ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі, заң ғылымының докторы, профессор *Сартаев Сұлтан Сартайұлының* 75 жылдық мерейтойына және ғылыми педагогикалық қызметіне 50 жыл толуына арналған салтанатты мәжіліс өтті.

Салтанатты мәжілісті университет ректоры Т.Ә. Қожамқұлов беташар сөз сөйлеп ашып, әуелі мерейтой иесін Елбасының құттықтау хатымен таныстырды. Содан кейін университет ұжымы атынан құттықтап, ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің шешімімен "Құрметті кафедра меңгерушісі" ғылыми атағы берілгенін хабарлап өтті. Бұдан кейін сөз алған заң ғылымының докторы, профессор Н.Б. Мұхитдинов С.Сартаевтың өмірбаян жолына, ұзақ жылдар бойы атқарған қоғамдық еңбектеріне тоқталып өтті.

Сондай-ақ, мінбеге бірінен соң бірі көтеріліп құттықтау тілектерін жеткізіп қалуға асыққан сырттан келген қонақтар, университеттің ұстаздар қауымы, әріптестері, шәкірттері тарапынан мерейтой иесінің ғылымдағы, өмірдегі үлгі аларлық өнегелі қасиеттеріне, өзіне ізбасар ұрпақ даярлау жолындағы еңбектеріне, қоғам қайраткері ретінде еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға қосқан үлесіне жан-жақты баға беріліп, жылы лебіздер айтылды.

Басқосу барысында ҚазҰУ-дың заң факультетінің студенттері мерейтой иесінің құрметіне арнап шағын концерттік қойылым тарту етті.

Біз төменде мерейтой иесінің «Қазақ университеті» газетінің оқырмандары үшін берген сұхбатын жариялап отырмыз.



*— Сұлтан Сартайұлы, бұрынғы кездері заң мамандарын екі университет қана дайындайтын. Олардың бірі — осы ҚазҰУ-де, екіншісі — Қарағанды университеті. Ал қазір аталмыш мамандыққа негізделген университеттер көп. Олардың аса көп саны қоғамдық сұраныстан туып жатыр ма?*

— Сұрағың өте орынды. Рас, бүгінгі күндері кез-келген жоғары оқу орны заң факультетін ашып жатыр. Менің ойымша, олардың барлығы да бұл әрекетке сот, прокурорлар сапасын жақсартайық деген оймен емес, елдің көп баратын мамандығы болғандықтан баруда. Мысалы, облыстық мемлекеттік университеттердің көбінде бірде-бір заң мамандығы бойынша ғылым кандидаттары жоқ. Соған қарамастан оларда заң факультеттері бар. Мысалы, Сарыағашта 13, Жетісайда 12-дей жоғары оқу орындары ашылған екен. Олардың бәрінде де осы саланың мамандары әзірленеді. Бірақ шын мәнінде білім беретін заңгер мамандары жоқ. Осыған қарап, бұлардың саны көбейіп кетті, жабу керек деп жатады. Әрине, олардың заңды түрде тіркелуіне келісім берген министрліктің, жоғары оқу орындары жөніндегі департаменттің өзі. Сондықтан сол жеке меншік оқу орындарында заң факультетін ашқан адамдардың өзін тәртіпке шақыру керек.

Екінші жағынан, бұйрықпен, зорлықпен жоғары оқу орнын жауып тастау дұрыс емес. Кімнің не істеп жатқанын, қалай істеп жатқанын байқаған абзал. Оның үстіне, нарықтық қатынас заңына сәйкес олардың өзі де сұрыпталып, іріктеліп, әлсіздері жабылады.

Ал енді біздің институтты(Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институты. - Б.Ә.) бітіріп жатқан мамандарға келсек, оларды дайындау бұрынғыдай жоспарлы түрде жүргізілмесе де, барлығы да жақсы жерлерге жұмысқа орналасып жатыр. Мысалы, Әділет министрлігінің өзінде 21 түлегіміз жұмыс істейді, фирмаларда, прокуратураларда, кедендік қызметте, басқа да қажетті орындарда қызмет істеп жатыр. Сонымен бірге біздің институтымызды тек қана орта және жоғары білімі бар адамдар ғана емес, 21 ғылым кандидаты да бітірді. Мұның өзі көп нәрсені аңғартса керек. Құдайға шүкір, дәріс беретін ғылым докторлары мен кандидаттарымыз да сандық және сапалық тұрғыдан талапқа толық жауап береді. Ғылыми процесс те өз ырғағында жылжуда.

*— Қазіргі кезде жоғары оқу орындарына қабылдауды тестік жүйе бойынша жүргізіп жатамыз. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы журналистика, филология, заң сияқты гуманитарлық факультеттерде тест жүргізу олардың мүмкіндігін толық көрсетпейді деген пікірлер айтылып қалады. Осыған көзқарасыңыз қандай?*

— Меніңше, гуманитарлық факультеттерде тестік жүйе бойынша қабылдау дұрыс емес. Өйткені, адамның ой-өрісін, қабілет-қарымын тек онымен бетпе-бет сөйлесу арқылы ғана байқау мүмкін. Ал тестегі бір сұрақтың өзіне бірнеше түрлі жауап беруге болады. Мысалы, мемлекет деген ұғымға оннан астам анықтама келтіре аламыз. Себебі, ол физика, химия, математика сияқты нақты ғылым салалары емес. Сонымен қоса, тестік жүйенің өзін әділетті деп айта алмаймыз. Несін жасырамыз? Тестің дұрыс жауаптарын сатып жүретін оқиғаларды да кездестіруге болады. Сондықтан қайталап айтсам, адамның білімін бетпе-бет дидарласу, әңгімелесу арқылы анықтау қажет.

*— Сізді қоғам қайраткері ретінде жұртшылық жақсы таниды, көп жылдар депутат болдыңыз. Әсіресе, құқықтық бағдарымызды айқындар 91-дің тарихи толқынында іргелі заңдардың қабылдануына ат салыстыңыз. Осы ретте сұрайын дегенім мынау: ел тәуелсіздігі 16-желтоқсанда жарияланды. Осы шешімнің артында бізге Демократиялық жаңару күні ретінде белгілі 17-желтоқсанның мәнін төмендету, оны ұлт жадынан аластату мақсаты жатқан жоқ па?*

— Бұны кезінде ешкім де ойлаған жоқ. Оны қарама-қайшы, әдейі жасалған дүние деп айтуға негіз жоқ. Бұл заңның жобасының өзін шілде айында берген болатынбыз. 9-желтоқсан күні шешім қабылданды. Мені баяндамашы етіп тағайындады. Менің баяндамамды талқылау сол 16-желтоқсан күні бітіп, сол күні біз заңды қабылдадық. Дүниежүзінің тарихында бір мемлекетті басқа бір мемлекеттің жарты сағаттан кейін тануы бірінші болған оқиға. Біз заңды 18-ден 14 минут өткенде қабылдадық, ал 18-ден 44 минут өткенде Түркия бізді тәуелсіз мемлекет ретінде таныды. Ал енді сенің 17-желтоқсанға қайшы келетін зат емес пе дегеніңді сезіп отырмын. Бірақ мұны ешкім әдейілеп жасаған жоқ. Мұны кездейсоқ сәйкестік деп қабылдау керек.

*—Сіздің қатысқан заң жобаларының бірі тіл туралы екен. Ол қазір қоғамда қызу пікірталас тудыруда. Орыс тілінің ресми тіл болғаны қазақ тілінің дамуына кері әсер етіп жатқан жоқ па? — деген пікірлер айтылып қалып жүр. Осы мәселеге өз көзқарасыңыз қандай?*

—Кезінде осы заңның жобасын жасау мақсатында үлкен комиссия құрылып, оның төрағасы етіп мені тағайындады. Комиссияның құрамына үлкен ғалымдар кірді. Біз заңның жобасын ғана емес, тіл туралы саясаттың тұжырымдамасын да жасап шықтық. Оны 1989 жылы қабылдадық. Заңның қабылдануы оңай болған жоқ. Өйткені, басқа ұлттың өкілдері, әсіресе, "ұлы халықтың" өкілдері бұл республикада қазақтардың саны басқа ұлттарға қарағанда аз дегенді алға тартты. Ал біздің оларға қарсы айтқан жауабымыз мынаған саятын: екі тілді бір мемлекеттің тілі етуге болмайды, өйткені 1922 жылы біз екі тілді қатар мемлекеттік тіл ретінде қабылдаған болатынбыз. Бірақ қазақ тілі орыс тілімен қатар дамымай, босағада қалып қойды. Орыстың тілі өріс алып кетті де, қазақ тілі дамымай қалды. Бірақ сол заң қабылданғаннан бері ешқандай тыныштық болмады. Орыс халқының өкілдері орыс тілі де мемлекеттік тіл болуы керек дегенді алға тартты. Сондықтан қазақ тілімен қатар орыс тілін де ресми тіл ретінде таниық деген өзгертулер енгізуге тура келді.

Менің ойымша, қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде өркендей түсуі үшін біздің санымыз көбею қажет. Жастар өсу керек, әр отбасында кемінде 3 баладан болу керек. Сонда республикадағы санымызды 70-80 пайызға жеткіземіз, онда ешкімнің таласы болмайды. Қазақ тілі осындай жағдайда ғана өзінен-өзі кең қолданыстағы мемлекеттік тіл болып шыға келеді. Сонымен бірге қазақ тілін мемлекеттік тіл етудің негізгі жолы — өзіміздің халық өз тілімізді жақсы білуі шарт.

*— Біз демократиялық қоғам құру үстіндеміз. Осыған байланысты заңдарымыздағы ең ауыр жаза — өлім жазасы біз үшін қажет пе?*

— Кезінде Президенттің жанында сотталған адамдарға кешірім жасау жөніндегі комиссия жұмыс істеді. Сол комиссияның төрағасы болдым. Соның негізінде, екі кітап шығардым. "Ар мен дар алдындағы сөз", "Слово перед совестью и эшафотом" деген кітаптар. Бұл кітапта мен өмір мен өлімнің не екендігі туралы өзімнің ой-пікірімді келтірдім. Содан кейін өзімнің қараған істеріме тоқталдым. Ал кітаптың соңында өлім жазасы қолданылуы керек пе, керек емес пе? - деген сұраққа өз ойымды айттым. Меніңше, дәл бүгінгі күнде өлім жазасы біздің қылмыс кодексінде сақталуы керек. Оны толық алып тастауға болмайды. Оған біздің ұлттық менталитетіміз көніңкіремейді. Содан кейін бұл мәселеге қатысты халықтың жалпы санасы, құқықтық санасы, мәдениеттік санасы әлі жетілген жоқ. Ал мәдениеті, өндірісі өркендеген елдерде, әсіресе, Еуропада алынып тасталынды.

Ал дәл бүгінгі күні біздің елде өлім жазасын алып тастайтын болсақ, өлтірушілер, ауыр қылмыс жасаушылар саны бұдан да көбейеді. Сондықтан өлім жазасын үлкен қылмыстар үшін қалдырып отырмыз. Мысалы, бұрын қылмыстың 33 түрі бойынша өлім жазасы қолданылатын болса, қазір 13-ақ түрі бойынша өлім жазасы қалып отыр. Ал оларды түгелімен алып тастауға болмайды. Түгелімен алып тастасақ, қоғамға аса залалды қарақшылар бар, тонаушылар бар, зорлаушылар бар, солардың барлығы қазіргіден де өршіп кетеді. Ал мәдениетіміз бен экономикамыз, халықтың саяси-құқықтық санасы жетілген тұста, бұл мәселеге қайта оралғанымыз мақұл.

Өлім жазасына мараторий жариялауға, яғни, кешірім беруге келсек, ол мәселені қазір шектеулі мерзімге дейін құптауға болады. Меніңше, сотталған адамдардың үкімін бір жылдан соң емес, үш жылдан соң барып қана іске асыру әділетті. Өйткені, сотталған адам болсын, өлім жазасына кесілген адам болсын олардың қылмысының шындығына жетуіміз керек. Содан соң соттардың қателіктері деген болады. Одан ешкім сақтандырылмаған. Оған байланысты біздің тарихымызда көптеген оқиғалар болды. Мысалы, Бресте, Арменияда болды. Адам өлтірді деп екі жақтан да 5-6 адамнан атылып кетті, ал шын мәніндегі кінәлілер екі жақта да бостандықта жүрген болып шықты.

Тағы бір өзекті мәселе — мен өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасына қарсымын. Неге дейсіз? Біріншіден, оны күзету, тамақтандыру, жуындыру, киіндіру керек. Бұның барлығы халықтың қаражаты арқылы іске асырылады. Екіншіден, ол адамның өзі үшін күніге өлгенмен бірдей. Өйткені, оның күн сайын көретіні — төрт қабырға және оның төбесі. Ал бір сағатқа ғана далаға шыққанда темір тордан ғана күн көзін тамашалайды. Осындай өмір оған керек пе? Бұл оған күн сайын өлім жазасын кескенмен бірдей. Сондықтан бұған да мен қарсымын.

*— Соңғы сұрақ. Жастарға, студенттерге айтар тілегіңіз қандай?*

— Тілекке келсек, биологиялық тұрғыдан алғанда өмір шексіз дүние, ал адам өмірі тым қысқа. Сондықтан қазіргі ақсақалдық жасымның биігінен жастарға айтарым, әрбір сағаттарыңызды, әрбір минуттарыңызды бостан-босқа өткізбей, жеке интеллектуалдық деңгейлеріңізді өсіру, байыту, кәсіби шеберліктеріңізді шыңдау мақсатында үнемді, тиімді пайдаланыңыздар. Көп оқыңыздар, көп ізденіңіздер. Сонда ғана сіздер ой-өрісі дамыған, қоғамға пайдалы азамат боласыздар!

*— Әңгімеңізге рахмет! 75 жасқа толған мерейтойыңыз құтты болсын дей отырып, газет оқырмандарының атынан денііңізге саулық, отбасыңызға амандық және ғылыми-шығармашылық жұмыстарыңызға табыс тілейміз. Әр ісіңізге сәттілік серік болсын!*

Сұхбаттасқан Бекжан ӘШІРБАЕВ

## БИІК ПАРАСАТ ҮЛГІСІ

Кез-келген ұжым, кез-келген саланың мерейін үстем етіп тұратын мақтан тұлғалар болады. Елге үлгі боларлық, әрбір жүріс-тұрысынан, іс-әрекетінің өзінен өнеге алатын зиялы азаматтар халық ішінде қашанда болған, бола да беретін құбылыс. Мұндай тұлғаларды, ойлап қарасаң, кейде тәңірдің өзі құдды халқы үшін жарататындай болып көрінеді. Бәлкім, өзіндік орны бар, ізі бар, өзіндік болмысының, ортадағы әсерінің, қызметінің өзі ерекше, қоғамның, ортаның өзі қажет етіп тұратын мұндай жандардың орны кейде ойсырап тұратыны сондықтан болар. Осындай үлкен құрмет пен сыйды өзін қажет етудің арғы жағында да абырой, бедел болатыны сөзсіз. Ал абырой-беделдің оңай келмейтінін ескерсек, кез-келген азамат өздігінен сыйлы бола салмаса керек. Оның өзі үлкен еңбекті, терең білімді, парасатты мәдениетті талап етері анық.

Ұжым атаулы қандай қиын сәтте болмасын, қандай істе болмасын осындай азаматтарына арқа сүйейді, сүйеніш іздейді, өзіне тірек етеді. Сондықтан да болар біздің де қара шаңырағымыздың әр факультетінің өз эталон тұлғалары бар. Айталық, филология факультеті үшін З.Қабдолов, математиктер үшін А.Лукьянов, экономика факультеті үшін Ж.Әубәкіров мақтаныш боларлық ғалымдар. Заң саласы да осындай тұлғаларға кенде емес. Осындай ерекше тұлға, факультетіміздің бетке ұстар ақсақалы — Сұлтан Сартайұлы Сартаев. Сұлтан ағамыздың тек заңгер ғалым ретінде емес, елге беделді қоғам қайраткері ретінде танымал болуының өзі біздің ұжым үшін үлкен мақтаныш.

Сонымен бірге соңғы уақыттарда заман үрдісіне сәйкес әр талапкердің болашақ оқу орнын таңдауы өз еркінде. Дегенмен, заң мамандығын алушы талапкерлердің көпшілігінің таңдауы біздің Қазақ ұлттық университетінің заң факультетіне түседі. Мұның да себептері жоқ емес. Сондағы басты талаптың бірі — дәріс беретін оқытушы-профессорлар құрамы, таңдаулы, елге белгілі ғалымдардың біздің факультетімізде, жоғары оқу орнымызда дәріс беруі. Яғни, таңдау танымал есімдерге түседі. Осы орайда, мұндай таңдаулардың біздің факультетке түсуіне себепкер тұлға — Сұлтан Сартайұлындай беделді тұлға деп білеміз. Осының өзі Сұлтан Сартайұлының кім екендігінен, факультет алдындағы беделі мен абыройының қандай екендігінен көп нәрсені аңғартса керек.

Сұлтан Сартайұлының атақ-абыройы жөнінде болып өткен конференциялардың барлығында да айтылып жатыр. Айтылып жатса да артықтық етпейді. Біздің айтпағымыз — бұл кісі сол атаққа шын мәнінде лайық, өз ісімен дәлелдеп жүрген азаматтарымыздың бірі.

Сондай-ақ, Сұлтан ағамыздың тәлімдік-тәрбиелік, ұстаздық жолының өзі өз алдына бөлек әңгіме. Ағамыз тек студент жастар алдында ғана емес, жас мамандар, аспиранттар мен оқытушылар алдында да ұстаздық қызметін атқарып жүрген ақсақалымыз. Сұлтан Сартайұлының дәрісіне қатысып, алдынан білім алудың өзі жастар үшін үлкен өнеге.

Осындай елінің қалаулы азаматы, халқының құрметті ақсақалы болып отырған шақта Сұлтан Сартайұлы Сартаевты 75 жасқа толған торқалы тойымен факультет ұжымының атынан шын жүректен құттықтаймыз! Алдымызда қартаймай мақтаныш болып жүре беруіне тілектеспіз!

Е.Ш. РАХМЕТОВ,
әл-Фараби атындғы ҚазҰУ-дың заң факультетінің
деканы, заң ғылымының кандидаты





# ВЕЛИЧИЕ НАРОДА В ЕГО ДУХОВНОСТИ

**Намазалы ОМАШЕВ,**
**проректор по языкам и воспитательной работе**
**КазНУ им. аль-Фараби, профессор**

**В истории развития человеческого общества еще не было фактов, когда какой-либо народ, едва зародившись, мог бы заявить о себе как о великой нации. Для формирования и исторического признания требуется некоторое время и определенные условия развития.**



Духовное благополучие – вот что придает нации самобытный облик, государственную символику, открывает народ для мирового сообщества. В этом аспекте о казахской духовности можно говорить бесконечно, приводя многочисленные примеры.

В прошлом казахи представляли собой народ с высокой культурой, способный различать истину и ложь, достоинство и низость. Быть во всем независимым, кроме явлений природы, считалось естественным, привычным для образа жизни казахов. И история тому свидетель.

В нынешнем мироположении казахов есть некая реальность, о которой нельзя не сказать особо. Почему-то сегодня иные смотрят на нас, как на своих несмышленых учеников. Мы прекрасно понимаем, что за этими лукавыми намерениями, тайными движениями скрывается стремление к господству и превосходству над другими нациями.

Но следует помнить, что национальный дух рано или поздно, на определенном уровне исторического развития проявит свои возможности, свою потенциальную мощь. Духовность нашего народа не требует доказательств. Мы – народ вольный и упорный, готовый на подвиги и жертвы во имя своей Отчизны. Но когда особенности национального характера станут руководством к действию, когда же мы сами возведем их в ранг привычного явления – вот в чем вопрос.

Сила духовности в ее преемственности, в воспитании подрастающего поколения. Это аксиома. Не зря говорят, что у воспитанного человека вырастает воспитанное поколение. Даже в столь обычной народной традиции приветствия старшего по возрасту есть воспитательный элемент. Отцы брали с собой детей, чтобы получить благословение аксакалов, и тем самым воспитывали нас не только словом, но и делом.

Если одному народу присуща предприимчивость, второму – трудолюбие, третьему – деловитость, то и нашему народу, видимо, было предопределено свыше широкое мышление, трезвость суждений. Вот один пример.

Во время деловой поездки делегации ученых КазНУ в Южную Корею повсюду нам представляли корейцев как чрезвычайно трудолюбивый народ. Так оно и есть в действительности, в этом мы убедились воочию. Поэтому закономерным был вопрос южнокорейских коллег: "В чем национальная особенность вашего народа?". Руководитель нашей делегации профессор Кожамкулов Т.А. ответил следующее: "Не будем утверждать, что превосходим корейцев в трудолюбии, немцев в деловитости, евреев в предприимчивости, но в том, что наш народ как никто другой умеет свято чтить своих предков, преклоняться жизненному опыту своих аксакалов и возвышать мудрость своего народа, не может быть сомнений".

Если сделать краткое отступление в прошлое столетие, то следует отметить, что развитие казахской духовности на своей земле сопряжено с чередой исторических событий.

Красный рассвет 17-го года обозначил эпоху всеобщего поклонения чуждой национальному духу идеологии. Это были годы, когда во имя коммунистической идеи нации приходилась менять свою сущность, ломать традиции. Люди в кирзовых сапогах заменили национальную духовность коммунистической идеологией. Наступило время политических марионеток, не имевших права на собственное мнение. Несмотря на это, в обществе находились сильные духом люди, такие, как организаторы партии "Алаш", которые пытались найти новые пути развития казахского общества.

В голодном 32-ом году политика мракобесия зажала казахский народ в тиски экономической зависимости и чуть не привела к исчезновению многомиллионного народа. Горсточка зерна, бережно припрятанная нашими бабушками и матерями, спасла будущие поколения от вымирания.

Не менее трагичным для казахского народа было лихолетье 38-го года. Политические репрессии были направлены на уничтожение элиты казахского народа, а вместе с ней и духовной памяти, которая передавалась из поколения в поколение. И все же, несмотря на самые жестокие испытания, далекие мечты влиятельнейших личностей того времени спустя много лет были воплощены в жизнь их потомками.

В суровом 41-го году уходили на фронт, чтобы защитить Родину, лучшие сыновья и дочери казахского народа, среди них цвет нации – передовые люди культуры, искусства, литературы. Не меньше трудностей выпало и на долю тружеников тыла. Дети обучались грамоте, считая заплаты на одежде своих матерей. Разве это не говорит о силе духа нашего народа?

И, наконец, холодный декабрь 86-го года стал свидетелем выступления студентов на главной площади страны. Это великое движение казахской молодежи стало своего рода ответом на перекосы в советской идеологии, признававшей право на историю и возвышение лишь одной великодержавной нации. Огромная волна массовых выступлений прокатилась по всей стране и положила начало распаду великой коммунистической системы. Многие народы получили широки простор для реализации своих духовных устремлений.

Он обладает особым пониманием родины, родного очага, а главное, духовности. Сегодня чувство национального достоинства – главное достояние казахского народа. Но мы не должны забывать, что оно достигнуто в исторической борьбе наших предков, которые ради будущих поколений, преодолевая социальные и политические бури, прошли через многие страдания – голод, репрессии и разруху. Все это осталось в исторической памяти народа. Это – наши национальные ценности, о которых должны знать потомки.

Еще недавно считалось большим благородством подчинить государственной политике национальные идеалы, историю целых поколений. Теперь и это ушло в небытие. Осталось только лишь сожаление, и вместе с тем – надежда. Надежда на национальное возрождение.

Каждый народ узнаваем своим искусством и литературой. Эти ценности не меркнут и не исчезают во времени. Как пирамиды Египта, скульптуры Греции, Великая китайская стена, Эйфелева башня в Париже, Тадж-Махал в Индии и др. Кроме того, это великие ораторы, неповторимые личности, художники, создавшие непревзойденные полотна, великие мастера, сотворившие музыкальные инструменты, и многие другие. Творения великих мастеров искусства никогда не стареют, наоборот, с течением времени они еще больше восхищают своей красотой, приобретая новое духовное осмысление. Это черта присуща только искусству.

Казахское искусство имеет свое место в мировом сообществе. Бесценные сокровища, сделанные руками кочевых ремесленников восхищают и поражают специалистов всего мира. Когда-то великая кочевая цивилизация воплотила свою культуру в красивых современных городах, определив для себя новый путь развития. И все же, даже будучи независимым государством, нам пока не удалось поднять на вершину мировой культуры свое самобытное искусство. Мы все еще чего-то боимся, оглядываемся на кого-то. Поэтому, наверное, в современных произведениях искусства мы не ощущаем присутствия яркого национального колорита.

В качестве примера обратимся к киноискусству. Можно ли ожидать от западных специалистов хороших отзывов на казахстанскую кинопродукцию, если они не имеют представления о нашем национальном менталитете?

Еще один парадокс в сфере нашего киноискусства. Казахстанские кинематографисты начали подготовку к съемкам исторического фильма о казахах, который многие ждут с большим нетерпением. Но что интересно, автором сценария оказался представитель другой национальности, более того для съемок в фильме приглашены зарубежные актеры. Что можно сказать по этому поводу?.. Неужели среди казахов не нашлось ни одного достойного сценариста и актера?



**Руководитель нашей делегации профессор Кожамкулов Т.А. ответил следующее: "Не будем утверждать, что превосходим корейцев в трудолюбии, немцев в деловитости, евреев в предприимчивости, но в том, что наш народ как никто другой умеет свято чтить своих предков, преклоняться жизненному опыту своих аксакалов и возвышать мудрость своего народа, не может быть сомнений".**

Может ли это историческое кинополотно стать национальным шедевром, если оно родилось не из нашей национальной сущности, а переосмыслено через призму чужой ментальности. Безусловно, мы не против профессионализма в искусстве, но стоит ли ради этого забывать главное – искусство должно быть духовным. Духовность есть понятие не абстрактное, а конкретное, связанное с историей определенного народа.

Кстати, приведем еще один пример, тоже касающийся нашего национального достоинства. Общеизвестно, что казахи всегда близки к песенному искусству. Хорошая песня, вдохновляющая и возвышающая человека, всегда высоко ценилась в казахской степи. Песня не просто услаждает слух, но обладает особой воспитательной силой. К сожалению, в погоне за красивой формой мы забываем о содержании.

Общеизвестно, в век рыночных отношений ничто, кроме времени, без денег не движется. Сейчас стали популярны песни-клипы. Наши исполнители стремятся в Ташкент, потому что дешевый шоу-бизнес наших соседей в полосатых халатах привлекает казахстанских музыкантов. При этом они вряд ли осознают, что вместе с этим к нам проникает дух другой нации. Безнаказанность в этом вопросе стала причиной заполнения казахстанского эфира низкопробной, бездуховной музыкой. И за то, что от этого страдает наша культура, ответственны не только те, кто это производит, но и те, кто допускает подобное.

Правда, нельзя во всем винить только других. Нередко мы сами являемся причиной своей духовной неразвитости. Взять хотя бы такой пример. Алматы – большой культурный мегаполис. Здесь очень много достопримечательностей, которые вполне доступны всем желающим. Но, к сожалению, у большей части нашей молодежи, которая вчера еще стремилась поступить в вузы и учиться в Алматы, за пять лет учебы так и не появляется времени и желания для посещения культурных центров. Вероятно, это происходит оттого, что мы плохо прививаем молодому поколению свою национальную культуру. Одно ясно, все это препятствует духовному развитию будущего поколения.

Говоря о приоритетах казахской культуры, на вершину национальных достояний следует поставить домбру. Это та ценность, которая имеет полное право наряду с гербом, флагом и гимном определять государственную символику нашей страны.

С древних времен наши предки почитали домбру не просто как музыкальный инструмент. Казах и домбра – единый народный образ. Домбра – наша самая большая драгоценность, благодаря которой нас узнают и признают в мире. Казахский поэт Кадыр Мырзалиев красноречиво определил: "Настоящий казах – домбра".

Вообще, взгляд на нашу духовность сформировался еще в далекие времена и превратился в глубокое познание. Как здесь не вспомнить великих казахских мыслителей – Коркыта, Ахмета Яссауи, Асана-кайгы. Они пытались измерить вселенную с мировой точки зрения, оставив после себя бессмертные идеи.

Коркыт придерживался идеи противостояния музыки и смерти. Он был убежден, что мелодия кобыза способна победить смерть. Это было новшеством, ибо такого глубокого философского мировоззрения в те времена не существовало ни на Востоке, ни на Западе.

Ахмет Яссауи являлся сторонником идеи очищения человеческого сознания. Его философский путь – любовь и гуманность.

Асан-кайгы утверждал, что все существует в сознании человека. По его мнению, добро, гуманность – в совести, совесть – в человечности. Идеи Асана-кайгы о справедливом обществе сопоставимы с мыслями Платона о справедливом государстве.

Позже их идеи нашли продолжение у целой плеяды казахских мыслителей, которые развили их мировоззрение и обогатили мировое познание. Многого стоит любовь к своей нации, народу, земле деятелей Алаша! Несмотря на натиск политики того времени, они стремились реализовать идеи, защищающие интересы своей страны, во имя будущего нации. Своей судьбой они доказали, что нашему народу не чужды патриотизм и национальный дух.

Таким образом, из всего вышесказанного можно заключить: народ, который имеет богатую культуру и свято хранит для своих потомков великие национальные идеи, способен вывести свое будущее поколение к вершинам мирового искусства.

Надо признать, что наша страна привлекает к себе внимание мирового сообщества пока только лишь богатством своих недр. И этот "особый" интерес к нашим подземным кладовым со стороны других государств с каждым годом проявляется все больше и больше. Привлекая к себе внимание природными ресурсами, мы не можем противостоять этому своими духовными и культурными ценностями. В этом нельзя никого винить. В современном цивилизованном обществе, кто сыт, тот и правит балом. Но проблема не только в этом, а в том, как нация определит свое место в мировой духовной среде.

Время показало, что главными условиями существования народа как нации являются его свобода и независимость. И история подтверждает это. Великая трагедия прошлого столетия в несуразности того времени, в том, что около двухсот народностей и национальностей оказались сбитыми с истинного исторического пути. В итоге более ста этносов лишились своей самобытности и государственности, словно их поглотил дракон, называемый Великим веком. Это охладило сердца и вызвало уныние.

К счастью, нам удалось избежать подобной участи. Казахская духовность доказала свое право на существование, пройдя тернистый путь через многие века. И наша независимость, о которой мечтали и за которую боролись наши предки, сегодня приобрела свой истинный смысл. Поколение, вскормленное материнским молоком, воспитанное здоровым обществом и проникнувшееся истинным смыслом таких понятий, как народная мудрость, степь и домбра, всегда найдет в себе силу и душевный свет.

Сейчас особое значение мы придаем развитию внутреннего духовного мира, воспитанию молодого поколения в духе национальных традиций. На праздновании 1500-летия казахского эпоса "Козы-Корпеш и Баян-сулу" министр науки и образования Беркимбаева Ш. К. особо остановилась на воспитательной роли эпоса и необходимости развития у молодежи чувства преданности, любви к духовным ценностям народа. Так зародилась новая традиция, и у нашей молодежи появился свой праздник влюбленных – "Козы и Баян". Одним словом, необходима пропаганда и сильная национальная идея. И создать ее мы должны сами.

Политика укрепления основ государства и обеспечения ее безопасности, которую проводит сегодня первый президент страны Нурсултан Назарбаев, во многом стала возможна благодаря историческому пути, пройденному казахским народом в борьбе за свою государственную независимость.

Когда-то Ататюрк сказал: "Самое высокое счастье – это то, что ты родился тюрком!". К счастью, наступило время, когда и мы можем сказать: "Я благодарен, что родился именно казахом!". Теперь только нужно собрать волю и гордо идти вперед. Выше голову, Казах!

# БІЗ БАҒЫНДЫРҒАН БИІКТІК



**9-12 қазан аралығында Тараз қаласында Қазақстан студент жастарының II Республикалық "Жас толқын" фестивалі өтті. Осымен екінші жыл ұйымдастырылып отырған бұл фестивальдің негізгі ұйымдастырушысы, ұйтқысы Білім және Ғылым министрлігі, М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Жамбыл облысы Әкімінің мәдениет басқармасы болып отыр.**

Фестивальға ҚазҰУ-дың атынан да өнерлі жастарды бастаған делегация барған еді. Фестивальда алты номинация бойынша байқаулар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, "Жас толқын аруы", айтыс, би, эстрада, халық әндері, президенттік тест бойынша байқаулар өтті. ҚазҰУ делегациясының құрамында Марқабаева Эльмира("Жас толқын" аруы номинациясы), Жайылғанов Ардақ (халық әндері номинациясы), Ақылбек Рүстем (айтыс номинациясы), Ақаева Мира (Эстрада номинациясы), Асқарова Гауһар, Сүйіндікова Жамиля, Қалиева Әсел, Зықай Меруерт, Рахимова Диана, Әзірбекова Ақбота, Жаманқұлова Айнұр, Тәуекелова Саида (Би номинациясы), Виноградов Александр, Назарбеков Қайсар, Юлия, Настя Перфильевалар (Президенттік тест номинациясы) және Арыстанбаев Мақсат, Досбосынов Оразалы, Тастамбаев Данияр (делегация жетекшілері) болды.

Ең бастысы, осы номинациялардың ішінен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жастары "Жас толқын" аруы және айтыс номинациялары бойынша бас жүлделерге ие болып қайтты. Бұл қара шаңырақ ұжымы үшін үлкен қуаныш екендігін жасырғымыз келмейді. ҚазҰУ жастары өздерінің тек білім саласында ғана емес, өнер саласында да өз қабілеттерін көрсетіп, университетіміздің абыройын асқақтатып қайтты.

Айтыскер өреніміз, филология факультетінің 1 курс студенті Рүстем Ақылбек, естеріңізде болса, осыдан біраз уақыт бұрын Студенттер сарайында өткен ақындар айтысында бас бәйгені иемденген болса, бұл фестивальда да өз өнерін тағы бір дәлелдеп, биіктен көрініп қайтты.

Сондай-ақ, әсіресе, "Жас толқын" аруы номинациясы бойынша бәйгеге қатысқан қызымыз, экономика және бизнес факультетінің 3 курс студенті Марқабаева Эльмираның бас жүлдені иемденуі көпшілікті қуанышқа бөлеп отыр. Бұл номинация бойынша бас жүлде осымен екінші рет қатарынан ҚазҰУ қыздарына бұйырып отырғанын да айта кету керек. Ал ару қызымыздың конкурсқа киелі 7 санымен қатысуы да жақсы ырымның белгісі сияқты. Бұл жетістіктің өзі біздің университет қыздары туралы көп нәрсені байқатса керек. Сұлу да ақылды қыздарымыздың біздің қара шаңырақтан шығып жатуына неге сүйсінбеске? Осы орайда, ару қызымызды конкурсқа дайындаудағы Гүлнар Әлібекқызы бастаған Тіл және тәрбие бөлімінің де еңбегі ерекше екендігін айта кетсе орынды болған болар еді. 15 қыздың ішінен Эльмираның суырылып алға шығуына "Еркенұр" және "Әссән" сән орталықтарының ұсынған әсем киімдерінің де әсері үлкен болды. Аталған сән орталықтарының жастарға қолдау көрсету мақсатында осындай тамаша киімді өте арзан бағамен беріп, демеушілік көрсеткенін айтып өту қажет.

**Қара шаңырағымызды қуанышқа бөлеген осы жеңістерге орай жеңіспен оралған жастарымыз Марқабаева Эльмира мен Ақылбек Рүстемге жолығып, шағын сұхбат алған едік. Оқырмандарға осы сұхбаттың мәтінін ұсынып отырмыз.**

**Айтыс**

## *Жыр додасының дүлділі*



***– Ең алдымен, кезекті жеңіс құтты болсын! Айтыс қандай дәрежеде өтті, айтыстан қандай әсер алдың? Осы жөнінде тоқталып өтсең.***

– Айтыс жоғары деңгейде өтті деуге болады. Айтыскерлерден көп ізденістің бар екендігін байқадым. Өздеріңізге Тараздың мерейтойы өтіп жатқаны белгілі. Осы мерейтойға байланысты леп те айтыстың өн бойынан байқалып тұрды. Дегенмен, айтыс қазіргі кезде дамып, шарықтау шегіне жетті деуге болады. Осыдан 10-15 жыл бұрынғы айтыстармен қазіргі айтыстарды салыстыруға болмайды. Сол кездегі айтыскерлердің өзі қазір даму деңгейіне жетті. Бұл айтыста қазылар алқасының пікірінше де айтыс өзінің өлмейтіндігін, өміршеңдігін дәлелдеді. Әр облыстың жоғары оқу орындарынан 14 ақын келді. Айтыс барысына әділетті өтті. Жүйріктен жүйрік озады демекші, ақындар арасынан таланттылары ғана суырылып алға шықты. Барлығы да жақсы айтыстың үлгісін көрсетті.

***– Қарсыластарың кімдер болды? Сен үшін осалы болмады ма? Қалай ойлайсың?***

– Республикалық айтысқа қатысатындардың барлығы осал емес. Бірінші айналымдағы қарсыласым Семей университетінен келген айтыскер қыз, студент жастардың I Республикалық "Жас толқын" фестивеліндегі ақындар айтысының жүлдегері Әсем Жұмағазина болды. Қыз бен жігіт айтысының тамаша үлгісін көрсеттік деп ойлаймын. Әдемі айтыс болды. Мысалы, бір сөзімде мен оған:

Әсем қыздың жүрегін иемденсем,
Жүрідің дәметпеймін жүлдесінен, - деп едім. Ол маған:

Бірінші курста оқығанмен,
Бозбала менен босқа дәмеленбе, - деп жауап қайтарды. Мұны іліп әкетіп мен оған былай жауап қайырдым:

Сен бірінші курста оқисың деп,
Аяздай қарып кеттің арқамызды.
Бергісі келмеуіне қарағанда,
Жүрегінің иесі бар тәрізді.

Әсем ашығын айтқанда соңғы талаптарға жауап беретін ізденгіш ақын. Заман ағымына сай қазіргі айтыстың деңгейін көрсеттік. Мен жоғары бал жинадым, бірақ екеуміз де екінші айналымға өттік. Екінші айналымға 8 айтыскер өтті.

Бұл айналымда ақтық сынсыз бірден жүлделі орындар берілді. Бұл жолы Маңғыстаулық Нұрлан деген жігітпен айтыстым. Нұрлан да өзім бұрыннан білетін, бірнеше айтысқа барып жүретін, тапқыр ақын. Екеуміз жарты сағатқа созылған нағыз жігіттерге тән айтыс жасадық. Әзіл де болды, қоғамның өзекті жайы да көтерілді. Бұл айтыста негізінен дос пен дұшпан туралы айтылды. Сөйтіп, бірінші орын алып қайттым.

***– Кімді ұстаз тұтасың?***

– Өзімнің ақындық жолымдағы ұстазым ретінде Оразалыны айтқым келеді. Ол кісінің жанында жүрудің өзі үлкен тәлім-тәрбие деп түсінемін. Мұхамеджанмен де сырласқым келеді.

***– Бұрын да үлкен айтыстарға қатысып жүрген талантты жассың ғой. Студент жастар арасындағы айтысты басқа үлкен айтыстармен қалай салыстырар едің?***

– Өздеріңізге белгілі, бұл фестиваль былтыр Өскеменнен бастау алған болатын. Сондықтан бұл айтыстың та бастамасы сол Өскеменде өткен айтыстан басталды. Айтыстың деңгейі төмен емес. Біз айтысты төмендетпеуге қызмет етуіміз керек. Мұхамеджан, Оразалы, Бекжандарға қарап кейінгі жастар да көшімізді түзетуіміз керек. Бұл ақындардың өзі біздің толқын үшін рухани ұстазымыз деп білемін.

***– Сөз соңында өзің оқып жатқан қара шаңыраққа, өзіне құрбы-құрдас жастарға қандай тілек айтар едің?***

– ҚазҰУ-де ақындар көбейсе. Ең бірінші, жастарға іздену керек. Сонда ғана жеңістің жемісі тәтті болады. Желдері оң жақтарынан соқсын. Айтыс ақындарының ең жамандары қазіргі белгілі ақындардай болсын. Сонда ғана биіктей береміз деп ойлаймын.

***– Әңгімеңе рахмет! Биіктерден көріне беруіңе тілектеспіз!***

**Қыз - өмірдің гүлі**

## *"Жетінші" нөмірлі қыздың жеңісі*



***Эльмира, Сізді конкурста жеңімпаз атанып бас жүлдені жеңіп алған үлкен жеңісіңізбен барша университет ұжымының атынан құттықтаймыз! Бұл қуанышыңызға бүкіл университет ұжымы болып қуанып жатырмыз. Қандай әсермен оралдыңыз?***

– Конкурстан алған әсерім керемет. Конкурс жақсы ұйымдастырылған. Ең басты демеу беріп, қолдау көрсеткен өзімнің университетім. Одан басқа айтарым, конкурсқа қатысар алдында біз кейбір ерекшеліктерді, кейбір шарттарды білген жоқпыз. Мысалы, өзіміз делегация болып барғанда дәстүр көрсету жөніндегі шартты мен білген жоқпын. Оны үйден дайындап апару керек екен. Сондықтан конкурсқа бір күн қалғанда жақсы дайындалуға тура келді. Сәл абдырап та қалдым. Одан соң конкурс басталар алдында "Алла" деп жинақталып, өз-өзіме келдім. Бәрі ойдағыдай болды.

***– Жеңіске деген сеніміңіз болды ма?***

– Жеңіске деген сенімім әрине, болды. Үмітсіз шайтан дейді ғой халқымыз.

Ал конкурстың барысына келсек, алғашында сәнді көйлектерімізбен халықтың алдына шыққан салтанатты шеру болды. Содан кейінгі кезекте өзімізді таныстырдық. Менің түсінгенім, егер басында таныстыру халықты баурап алса, ары қарай халықтың өзі демеп отырады екен. Сондықтан менің осы таныстыруым өте сәтті, өте керемет шықты. Оны өлеңмен жеткізуге көмектескен осындағы ақын ағамыз Бекжан Әшірбаев еді. Осындай тамаша шығарған сәтті таныстыруы үшін осы сұхбатты пайдалана отырып, Бекжан ағама үлкен алғысымды жеткізгім келеді. Сол таныстыру кезіндегі иіліп сәлем бергеніңнің өзі халыққа ұнайтын болса, халыққа жағымды болса халық демеп отырады екен. Мен соны сездім. Халық мені демеді.

Бұдан соң екінші номинация бойынша салт-дәстүрді көрсетуіміз керек болды. Мен бесікке салуды көрсеттім, бесік жырын айттым. Бұл номинация бойынша да сәтті шықтым ғой деп ойлаймын.

Ал үшінші номинация бойынша өз өнеріңді көрсету керек болатын. Өнер көрсетуде мен эстраданың сүйемелдеуімен қазақтың халық әні "Керім-айды" айттым.

Ең соңынан кешкі көйлекпен шығу керек болды. Бұл жерде де қанша әдемі көйлек киіп шыққаныңмен сен өзіндік ерекшелігіңді байқатуың керек болды. Басында жұмбақ күйінде жүруің қажет еді. Бұл жерде де үлкен фантазия, ой қажет болды.

***– Кез-келген жеке тұлғаны қалыптастырушы орта. Сондықтан сізді қоршаған ортаның, ата-анаңыздың, достарыңыздың сізге берген әсері, ықпалы осы конкурс барысында көмектесті ме? Мысалы, тәрбие, бойыңыздағы қасиеттердің болуы жағынан.***

– Әрине, барлығы да көмектесті. Бір жағынан, осы өткен I "Жас толқын" студент жастар фестивалінің "Жас толқын аруы" конкурсының жүлдегері Санадан да біраз ақыл сұрап, кеңес алдым. Ең бастысы, маған көп ақыл берген, өзімді қалай ұстап, жүріп-тұруыма жол берген Гүлнар Әлібекқызы еді. Бұдан өзге де біздің делегациямыздың басшылары Данияр, Мақсат, Оразалы аға барлығы да маған үлкен демеу көрсетті. Қай-қайсысы да жақсы сөздерін айтып, ақылдарын аямады. Соның бәрі де мен үшін үлкен тірек болды. Ал достарым болса, ақ тілектерімен, шын ниеттерімен мені шығарып салды.

***– Өзіңіздің алдыңызға қойған мақсаттарыңыз жөнінде айтып өтсеңіз.***

– Осы конкурсқа қатысардың алдында біз анкета толтырған болатынбыз. Анкетада әрине, түрлі сұрақтар болды. Бірақ солардың бірінде "Өзіңіздің өмірлік ұраныңыз қандай?" – деген сұрақ болды. Бұл сұрақтың қазақшасына мен ұлы Абайдың "Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға", - деген сөздерін жазып жауап берген болатынмын. Өзімнің өмірлік мақсатымды да осы анкетада жазған сөздеріммен түсіндіргім келеді.

***– Әңгімеңізге үлкен рахмет! Табыстарға жете беруіңізге тілектеспін!***

Жүлдегерлермен сұхбаттасқан
Е.ӘБДІРӘСІЛОВ

**Викторина на ФМО**

# ВОСПИТАТЕЛЬНЫЙ АСПЕКТ ОБРАЗОВАНИЯ

**В эпоху глобализации и интеграции образования овладение иностранными языками стало велением времени, и их преподаванию на факультете международных отношений уделяется большое внимание. Основная цель работы кафедры — предложить студентам высококачественное обучение английскому, немецкому, французскому языкам, отвечающее общепризнанным мировым стандартам и в полном объеме. Специалисты по международным отношениям, международному праву и международным экономическим отношениям котируются во всем мире. Наши выпускники востребованы, они ничуть не хуже по своим знаниям, чем выпускники известных университетов Оксфорда, Кембриджа, Гумбольдта, Сорбонны.**



Благодаря знанию языков и своей специальности наши выпускники успешно проходят по Республиканскому конкурсу Болашақ, учатся за рубежом, работают в МИД РК, МВД, Министерстве обороны, КНБ, Интерполе, представительствах международных организаций в Казахстане, международных отделах аппарата президента, правительства, парламента, акиматов, а также в налоговых и таможенных комитетах, научно-аналитических ведомствах.

Доминирующая роль знания языков очевидна. На современном этапе развития общества подтверждаются слова великого немецкого поэта Гете: "Сколько языков я знаю, столько раз я человек". Изучение и преподавание иностранных языков становится общественно значимой необходимостью. Учреждения, компании, фирмы создают условия, платят деньги за то, чтобы их сотрудники говорили на иностранном языке. За знание иностранного языка в некоторых странах выплачивают премии.

Занятия по иностранным языкам являются многовекторными, поскольку учитываются не только лингвистические моменты, но и лингвострановедческие, взаимовлияние языков и культур.

Преподаватель иностранных языков особое внимание уделяет воспитанию и формированию личности студента. Из стен факультета выходят духовно обогащенные, всесторонне развитые и глубоко убежденные в своих принципах и взглядах молодые специалисты.

Великий восточный ученый аль-Фараби говорил: "Человечеству нужно не образование, а воспитание. Знания, приобретенные без воспитания, являются самым коварным врагом общества". Действительно, игнорирование воспитательных принципов приводит к падению нравственности.

Студенты нашего факультета активно участвуют в общественной жизни факультета, являются участниками многочисленных международных конференций, политических дебатов, а также популярных теледебатов на канале "Хабар" и т.д.

Научная библиотека университета во главе с ее директором Е.Ж. Абулкаировой вносит большую лепту в процесс подготовки высококвалифицированных специалистов. Кафедра иностранных языков признательна чуткому профессиональному отношению и сотрудничеству с коллективом библиотеки. С ростом и развитием общества растут и требования к новым прогрессивным учебным материалам отечественных и зарубежных изданий. Сотрудники библиотеки пополняют учебный фонд библиотеки, обеспечивают студентов и преподавателей кафедры иностранных языков учебной и научной литературой на иностранных языках.

Примечательным фактом является то, что Евгения Жумадилова комплектует состав своих сотрудников квалифицированными специалистами, знающими иностранный язык. Заведующая читальным залом библиотеки ФМО А.А. Жаутыкбаева 17 мая 2002 года организовала "Brain-ring", то есть викторину на тему "The USA and the Americans". Она привлекла студентов 2 курса нашего факультета, обеспечила участников литературой, провела консультации. Были приглашены представитель Информационной службы Посольства США Эльмира Киреева, преподаватель кафедры иностранных языков, гражданин США Келли Скотт, представители научной библиотеки М.Б. Келмембетова, Н.С. Молдыбаева. Членами жюри были Кайрбаева Р.С. и студенты Ахметзянова Л., Киршин Е., Темирбекова Г., Борибекова Г., Аскаров Д.

Студенты, занявшие I-е место, получили 30 часов бесплатного пользования Интернетом. Это команда "Warrior Angels from Los-Angelos": Исабекова, Казанцева А., Стукова Н., Бабахан Р., Сарсембаева Т. 2-е место и 1 месяц бесплатного пользования "научным абонементом" – завоевала команда "Young democrats": Абдалиева С., Мухамедиева Д., Жалелова Н., Суюндукова Б., Анаев. 3-е место выиграла команда "Good Fellow" филологического факультета: Мусахан А., Орманов Т., Салманов Ж., Кажингалиев М., Кенжебеков К. Эту команду Информационный центр Посольства США наградил CD "Information USA".

Руководство научной библиотекой наградило ведущих Султанбаеву А. и Кайролду А. книгой Ертысбаева Е. "Казахстан и Назарбаев: логика перемен".

Преподаватели английского языка кафедры иностранных языков Халыкова Б.А., Жачева Е.Б., Садырова А.Н. активно готовили своих студентов к этой познавательной игре, они присутствовали в этом quizzing-game и болели за своих студентов. Они были убеждены в том, что их студенты отлично владеют иностранным языком, и они готовят оригинально мыслящих, талантливых личностей и высоких интеллектуалов. Вот такие профессионалы выходят из стен КазНУ.

**КАЙРБАЕВА Р.С.,**
**зав. кафедрой иностранных языков ФМО, профессор КазНУ**

**Духовное возрождение**

# Студент! Это для тебя!

**Большую часть своего времени студенты проводят в стенах своего вуза. Безусловно, приятно учиться не только в сильном (по качеству преподавания), но и чистом, с прекрасным сервисом университете. Но, похоже, многим безразлично – сидеть за чистыми или исписанными партами, безразлично – читать весь учебник или только половину, так как другая часть кем-то вырвана. А не думали ли вы, какое впечатление производит человек, который плюется в коридорах или жмется в туалете, чтобы покурить. Это определенным образом касается и некоторых преподавателей, показывающих студентам далеко не лучший пример. Согласитесь, что культура студентов вузов за последние годы сильно упала. При каждом университете существуют организации, занимающиеся подобными проблемами. В КазНУ, например, это "Тарлан" – молодежный научный центр. В этом центре собрались люди, душой болеющие за свою работу, за свой университет. Их никто не заставляет, им никто не платит деньги. Просто им не все равно, где учиться. Они хотят помочь другим студентам в решении волнующих проблем.**

**Президент центра – Бухарбаев Талгат Дуйсенбекулы, магистрант истфака 2-го года обучения. Научный руководитель – доцент кафедры общей и этнической педагогики.**

**Во-первых, необходимо поднять уровень использования казахского языка среди студентов и преподавателей. Для этого в центре существует специальный клуб. Проводилась акция "Общаемся на казахском", в которой участвовали 1250 студентов из 9-ти вузов. Был организован круглый стол по проблеме изучения казахского языка с привлечением руководителей КазНУ.**

**Во-вторых, центр пытается объединить все факультеты. Студенты должны быть всесторонне развитыми, идти не только в направлении выбранной специальности. Например, на недавно проходившей конференции, посвященной 105-летию М.О. Ауэзова, Ильяс Тлеппаев, магистрант матфака, доказал, что математик может быть и филологом. Он подготовил доклад на тему "Проблемы образования и воспитания в педагогическом наследии М.О. Ауэзова". Проблемы, поднимаемые в статьях этого писателя, очень актуальны и в наше время: это нехватка учителей, учебников, условия развития родного языка, воспитание студенческой молодежи, вопросы науки, образования.**

**"Тарлан" имеет и другие цели своей деятельности – повышение самосознания студентов и преемственность поколений. Проведены несколько акций, различные конференции, научные интеллектуальные игры, акция "Лечение словом". За некоторые мероприятия центр получил дипломы от акимата, Государственного фонда развития молодежной политики. В "Тарлане", кроме клуба по казахскому языку, существуют также клубы по вопросам педагогики "Ұстаз", психологии "Рух" и истории "Жасын".**

**Словом, этот молодежный центр действительно старается на благо всех студентов. Студенты, давайте не будем стоять в стороне, а возьмем пример с тарланцев. Тем более что этот центр с радостью готов вас принять. И напоследок хотелось бы сказать, что были бы очень рады, если б нам навстречу пошли не только студенты, но и руководство университета. Было бы хорошо получать не только моральную поддержку. Ведь КазНУ – это альма-матер. В наших силах оправдать этот статус и поднять уровень студенческой культуры.**

**Сауле ЫНТЫКБАЕВА,**
**Жан АЛИН,**
**студенты 2 курса факультета журналистики**

**Заң және заман**

# Ең қымбат қазына - адам өмірі

**Ел тарихында біршама уақыт салтанат құрған тоталитарлық жүйе кезеңінен кейін Қазақстанда тұңғыш рет 1991 жылы желтоқсан айының 16-жұлдызында "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" маңызды әрі негізгі заңның қабылданғаны белгілі.**



Айгүл МӘЛІКОВА, заң факультетінің оқытушысы

Осыған сәйкес 1995 жылы тамыздың 30 жұлдызында референдум жолымен қабылданған Қазақстан Республикасының қоғам, мемлекет және жеке адам өмірінде орын алатын негізгі қағидаларды бекітіп берді. Оның бірінші бабында көрсетілгеніндей "Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады және оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі". Осы негізгі қағидаларды іске асыру жолында біз БҰҰ-ның толық мүшесі болып, басқа да өркениетті халықтар қатарындағы терезесі тең ел есебінде танылдық. Алайда, мемлекетіміздің бұғанасы бекіген сайын, қылмыстың өрістеу деңгейі көтерілуде.

Қылмысты алдын-ала тергеу кезінде дұрыс ашу және кінәліні әшкерелеп, әділеттілікті қалпына келтіру қылмысқа қарсы күрес жүргізудің тиімділігін арттыратыны сөзсіз. Бұл тұста қылмысты заңға сәйкес дұрыс саралаудың маңызы ерекше. Саралау міндетті түрде заң нормасына сілтеме жасау арқылы жүзеге асырылады. Яғни, бұл сот органдарының, прокурор, тергеу, алдын-ала анықтау, жауап алу қызметкерлерінің заң талаптарын дұрыс, бұлжытпай орындауына байланысты. Қылмысты саралауды тез арада орындау үшін істің мән-жайына толық фактіге негізделген объективтік зерттеу жүргізу керек, қылмыстың нақты құрамына кіретін белгілерді жеке-жеке анықтап, қылмыс құрамының шектес, аралас, ұқсас белгілерін ұқыпты, мұқият түрде анықтау қажет. Сот, прокуратура, тергеу органдары қылмысты саралауда іс-әрекеттің, қылмыс құрамының, заңның тиісті баптарына немесе оның бөліктеріне, тармақтарына сай келетіндігін дәлме-дәл көрсетуі қажет. Өйткені, қылмысты саралауда немесе оны ақтау кезінде кемшіліктер жіберу соттың қате үкім шығаруына және құқық қорғау қызметіндегі олқылықтарға жол береді. Сондықтан, қылмысты дұрыс саралау мен дұрыс анықтаудың маңызды теориялық әрі тәжірибелік мәні бар.

Қазіргі кезде қоғамда қауіпті болып отырған қылмыстардың түрі жеткілікті. Дұрыс сараламаудың нәтижесінде қылмыстық іс-әрекетті жасаған кінәлі адамға жөнсіз жеңіл немесе ауыр жаза қолданылуы мүмкін. Қылмысты дұрыс сараламаудың өзі құқықтың алға қойған басты мақсаттарының бірі жасалған іс-әрекеттерге дұрыс, әділ жаза тағайындау қағидасына қайшы келеді. Әсіресе, қылмысты дұрыс сараламаудың сотталған адамға тигізетін зардабы зор. Кінәлінің іс-әрекетін дұрыс сараламау, оның заң қорғайтын мүддесіне келтірілген зор қиянат болып табылады. Қорыта айтқанда, қылмысты дұрыс саралау сот төрелігін әділ жүзеге асырудың кепілі және заңдылық, әділеттілік қағидаларын бұлжытпай орындаудың басты шарты.

## ҚҰТТЫҚТАУ



# "Тараз-2000" тойынан тәбәрік

**Баршаңызға мәлім, үстіміздегі жылдың 26-28 қыркүйегі күндері Тараз қаласының 2000 жылдығы ЮНЕСКО шеңберінде аталып өтті. Осы тойдың аясында өткен халықаралық ақындар айтысында біз қосқан жүйрік бәйгемен оралды.**

Жарыс көркін қыздырған сөз майталмандары арасында журналистика факультетінің сырттай оқу бөлімінің 5-курс студенті Ермек Жұматаев "жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар" атанып, жүлделі бірінші орынға ие болды. Газет оқырмандарының атынан жеңімпазымызды шын жүректен құттықтап, алдағы уақыттарда да мерейлі биіктерден көрініп, университет абыройын биіктете беруіне тілектеспіз.

Редакция ұжымы

## Рецензия

# Ұлт тағдыры тілінде

**Тіл — мәдениеттің феномені, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде ғылымда өз дәрежесінде әлі де зерттелмей келеді. Тіл — рухани күш десек, тіл және басқа семиотикалық таңбалар (ым тілі, кино тілі, сурет тілі) арқылы адам кез келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасы мен ойын білдіре алады.**

"Сыртқы құбылыстар әлемі мен адамның ішкі жан дүниесі арасындағы әлем — тіл", - деген В.Гумбольдт пікіріне сүйенсек, тіл қоршаған ортадан, болмыстағы шындықтан, адам санасы мен ойынан тыс өмір сүруі мүмкін емес. Мәдениет қоғамдық сананың бір бөлігі болып табылады, сондықтан да тіл — мәдениеттің шындығы мен көрінісі болмақ. Халықтық мәдениеттің ең нәзік ұшқындары, өрнектері тілде көрініс береді.

Тіл — мәдениеттің құрамдас бөлігі, оны меңгерудің негізгі құралы, ұлттық менталитеттің ерекше белгілерін сақтаушы. Солай бола тұрса да, мәдениет тілде көрініс табады, сонда өмір сүреді. Бұдан тіл мен мәдениеттің арасына теңдік белгісін қоюға болады деген ой тумаса керек.

Сөз семантикасының дамуы, фраза жасам механизмі, фразеологиялық бірліктердің тілдік болмыспен арақатынас ерекшеліктері "Қазақ университеті" баспасынан жарық көрген Р.Авакованың




"Фразеологиялық семантика" атты монографиясында жан-жақты талданып, тіл құпиясы адамзат құпиясымен байланыстырыла қарастырылады. Монографияда қазақ фразеологиясының семантикасы соңғы жылдары қалыптасқан лингвистика ғылымындағы жаңа бағыттар негізінде кешенді түрде зерттеледі.

Зерттеу еңбекте фразеология теориясы, зерттеу әдістері мен методологиясы қарастырылады. Қазіргі тіл білімінде қалыптасқан фразеологиялық бағыттар сараланып, оларға тән белгілер айқындалады. Фраземалардың ұлттық ерекшеліктері психолингвистикалық фактор ретінде талданады. Фраземалардың пайда болу көздері мен олардың қалыптасуына ұйтқы болатын этномәдени деректер сараланады. Сонымен қатар фраземалардың символдық қасиеттері семиотикалық аспектіде талданылып, олардың коннотациялық табиғатының теориялық негіздері сипатталады. Зерттеу жұмысының негізгі материалы — қазіргі қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері.

Монография филология факультетінің студенттеріне, магистранттар мен ізденушілеріне, аспиранттарға, жалпы семасиология ғылымын, сондай-ақ тіл теориясы мен мәдениет теориясының тоғысуында пайда болған лингвистикалық мәдениеттану ғылымын зерттеушілерге арналады.

**Л.С.ДҮЙСЕМБЕКОВА,**
**филология ғылымының кандидаты**

## Мини-тренинг

# Қыздарымызды кім қорғайды?

**Қазіргі қоғамда қай салада болмасын әйел адамдар ерлермен тең дәрежеде алдыңғы қатарларда жүргенімен бәрібір жаратылысынан әлсіздігі білінбей тұрмайды. Олардың күш-жігеріне тәуелді емес, әйел болғандығы үшін ғана пайда болған ауыртпалықтар мен зорлық-зомбылықтарға ұшырап шынымен-ақ тұйыққа тіреледі.**

Зорлық-зомбылықтардың қатарына қыз-келіншектерді жұмыс, оқу барысында ер басшылардың, оқытушылардың өз қызмет бабын пайдаланып жыныстық қатынасқа мәжбүр етуі де жатады екен. Бір жағынан оқуы немесе жұмысы, екінші жағынан өзінен қызметі жоғары адамның құлқы деген екі оттың арасында қалған қыз-келіншектер мұндай тығырықтан қалай шығуы керек?

26 қыркүйек күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің "Парасат" кәсіподағы республикалық "Забота" дағдарыс орталығымен бірігіп ҚазҰУ студенттеріне "Қоғамда гендерлік құқықтың бұзылуы" атты тақырыпта мини-тренинг өткізді. Тренинг барысында студенттерге осы тақырыпта баяндамалар жасалып, талқыға салынды. Мұндай жағдайлар орын алғанда қандай қадамдар жасау керектігі жөнінде кеңес берілді. Студенттер адам құқығы бұзылуы дегенді қалай түсініп, сезінетіндігін қағаз бетіне бедерлеп, әрқайсысы өз ой-пікірлерін ортаға салды. Дағдарыс орталығының арнайы дайындалған бейнекөріністерін тамашалады. Жиын өте қызықты, тартымды, студенттерге айтар ақыл-кеңесі мол болды. Көбінесе жасырын, тасада қалатын бұл тақырыптардың ашық айтылуы студенттердің қызығушылығын оятты. "Парасат" кәсіподағы мұндай тақырыптарда түрлі жиындар өткізіп, студенттерді арнайы мамандармен жолықтырып, ашық әңгімеге шақыруды игі дәстүрге айналдырып келеді. Бүгінгі студенттердің болашақ маман ғана емес, ертеңгі ұлағатты әке, аяулы ана екендігін ескерсек, мұндай өмірдің өзінен алынатын жиындардың студенттер үшін маңызы жоғары.

**Ғалия МАНАТҚЫЗЫ**



Фотоэтюд

Мұнар жапты сары белді,
Мұңды күзім тағы келді,
Кемді күн сырлас болдық
дәм-тұз жазып,
Мәнжүн тал, қоштасалық жаным енді.

Мен өзі сондай жанмын өкпелеме,
Шақырма, өтінемін кет деме де,
Әзизім, жолға қарап сарғайсаң да,
Бір құсың оралмайды көктемеде.

Есенғали РАУШАНОВ

Гүлжазира БАТЫРҒАЛИЕВА,
ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 1-курс магистранты

## Құлаққағыс

# Құрметті ұстаздар мен студенттер!

*Ө.А.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында 8-қараша, кешкі сағ.16[00]-де студенттер клубы үйірмесінің күшімен дайындалған көңілді кеш өтеді.*

## БАҒДАРЛАМАДА:

1. "Күз және көңіл әуені" атты жыр кеші.
   Кеште жас ақындар: Жанарбек Әшімжанның
   Назира Бердалының
   Жанар Әбсадықтың
   Торғын Тұрлыбаеваның
   Есей Жеңісұлының
   Алмат Исаділдің өлеңдері оқылады.



2. Драма үйірмесіне қатысатын студенттер М.Хасеновтың "Пай-пай, жас жұбайлар-ай!" атты спектаклін ұсынады (комедия).

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;
М.Т. МҰҚАШЕВА - "Парасат" кәсіподағының төрайымы;
Л. ҚАЙЫПОВА - студенттердің ``Сұңқар`` кәсіподағының төрайымы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

*Бас редактор* - **Бекжан Әшірбаев;**
*Бас редактордың орынбасары* - **Ербол Әбдірәсілов;**
*Жауапты хатшы* - **Дариға Амангельдиева;**
*Теруші* - **Айтгүл Бабасова;**
*Көркемдеуші-беттеуші* - **Айдын Әбдібекұлы;**
*Фототілші* - **МАМЫРЖАН;**
*Нөмірдің кезекші редакторы* - **Сәндібек Жұбаниязов.**

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

*Нөмір редакцияның компьютер орталығында терілін, беттелді. "Полиграфсервис" баспаханасында (Жандосов көшесі - 55) 22.10.2002 жылы басылды.*

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы- 3000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
№ 437 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

"Қазақ университетіне" жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.